



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 23 сәуір

2018 жылғы 13 сәуірден 20 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

20 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,3%-ға (327,29-дан) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 326,17 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 13 сәуірден 20 сәуір аралығындағы маңызды оқиғалар Сирияның үкіметтік әскерінің Дума қаласында химиялық қару-жарақты қолдану ықтималдығына жауап түрінде АҚШ, Ұлыбритания және Франция әскерлерінің Сирияға қарсы ракета шабуылы, АҚШ-тағы бөлшек сатудың және өнеркәсіптік өндірістің өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау және ФРЖ өкілдерінің монетарлық саясатқа және АҚШ-тың экономикалық өсуіне қатысты болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының біршама нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** алдағы уақытта Мексика президентінің 1 шілдедегі сайлауына байланысты саяси тәуекелдер аясында 2,7%-ға (18,04-тен 18,53-ке дейін) әлсіреді. Сол жақ күштерден президентікке көшбасшы кандидат Андрес Мануэль Лопес Обрадордың сайлауалды бағдарламасының іске асырылуына және экономикалық өсу үшін сайлауалды бағдарламаның салдарына қатысты мазасыздану сақталуда.

- **Үндістан рупиясы** Үндістанның Резервтік банкі отырысының сәуір айындағы хатамасын жариялау аясында, отырысқа қатысушылар инфляцияның өсуіне өздерінің мазасыздануын білдіріп, монетарлық ынталандырудың ықтимал аяқталуы, сондай-ақ мұнай бағасының өсуі аясында 1,4%-ға (62,22-ден 66,11-ге дейін) әлсіреді

- **Индонезия рупиясы** Индонезия Банкінің базалық мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтап қалу және АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігін арттыру туралы шешім аясында 1%-ға (13 755-тен 13 893-ке дейін) әлсіреді;

- **Оңтүстік Африка рэнді** 0,3%-ға (12,07-ден 12,11-ге дейін) әлсіреді;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Бразилия реалы** 0,3%-ға (3,42-ден 3,41-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** 0,5%-ға (4,10-нан 4,08-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** кейбір компанияларға секторалдық санкциялар енгізуге байланысты инвесторлардың ресейлік активтерді сатуынан кейін валютаны түзету салдарынан 1,3%-ға (62,17-ден 61,38-ге дейін) нығайды. Сондай-ақ, валютаның нығаюына Ресей Орталық Банкінің төрағасы Ксения Юдаеваның 2018 жылы базалық мөлшерлеменің төмендеу қарқынының ықтимал баяулауы туралы түсініктемесі әсер етті.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704-585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz